

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қазақстанның мұнай-газ кешені күллі экономиканың локомотиві болып табылады және басқа салалардың дамуына ықпалын тигізеді. Елдің ІЖӨ-де мұнай-газ саласы үлесінің тұрақты өсу қарқыны байқалады, ол 1997 жылғы **3,7%**-дан 2006 жылы **14,7%**-ға және 2011 жылы **25,8%**-ға өсті.

Инфрақұрылым, әсіресе, көлік пен байланысты дамытуға да көңіл бөлінді. Өткен жылдар ішінде өнеркәсіп, көлік инфрақұрылымы мен тыныс-тіршілік инфрақұрылымының ірі стратегиялық объектілері іске қосылды. Бұл - автомобиль және темір жол магистральдары, құбыр жолдары, логистикалық орталықтар, терминалдар, әуежайлар, вокзалдар, порттар және т.б. Осының барлығы көптеген қазақстандықтарға жұмыс тауып берді, өңірлік және жаһандық шаруашылық байланыстары жүйесіне кіріктірді. Соңғы 11 жылда автомобиль жолдары саласын дамытуға **1 263,1 млрд. теңге** жұмсалды. Осы жылдар ішінде ортақ пайдаланудағы **48** мың шақырымнан астам жол, сондай-ақ 1100 шақырым темір жол салынды және реконструкцияланды. Қазіргі уақытта «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» магистральдық көлік дәлізін салынып, Жаңа Жібек жолын жаңғыртуда[3].

Қорытындылай келе, бүгінгі күні біздің әрқайсымыз «Қазақстан – **2030» Стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты»** деп айта аламыз. Бұл - біздің бірлігіміздің, табанды да қажырлы еңбегіміздің нәтижесі, ұмтылыстарымыз бен үміттеріміздің жанды көрінісі.

Біз өз жетістіктеріміз үшін мақтаныш сезіміне бөленеміз. Әлемдік дағдарыс біздің мемлекет пен қоғам ретінде орныққанымызды растады. «Қазақстан – 2030» Стратегиясының бағыттары арқылы шекара тұрақталып, экономикалық және әлеуметтік ахуалдар жақсарғанын жоғарыда келтірілген сандық мәліметтер мен SWOT талдаудан байқауға болады. Енді біздің алдымызда **жаңа міндет** тұр. Біз мемлекетіміздің **ұзақ мерзімді** кезеңге бағдарланған «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруға, одан **әрі даму векторын** күшейтуге тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000922>
2. <http://referatkaz.kz/қазақстан-2030-жылға-дейінгі-даму-страте/>
3. <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>

УДК 330.15

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Көлбай Ақмарал Мырзалықызы

maral_13_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Слямова Б.И.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Стратегия-2050» атты Қазақстан халқына Жолдауында төмен көміртекті экономикаға көшуді жеделдетуге, «жасыл» экономикаға көшуге шақырды [1].

«Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған, сондай-ақ электр энергиясы өнімдерінің альтернативті (балама) көздерін пайдалануға негізделген бағдарламалардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика (GEI) бойынша БҰҰ бастамасы 2008 жылы қаржы-экономикалық дағдарысқа жауап ретінде бастау алып, БҰҰ Бас хатшысы және БҰҰ жүйесі басшыларының Үйлестіру кеңесі ұсынған тоғыз Бірлескен дағдарыс бастамасының бірі болып табылады [3].

«Жасыл» экономикаға жүзеге асырудың алғышарттары ретінде төмендегі мәселелерді бөліп көрсетуге болады:

1. Негізгі секторлардың бәрінде де ресурстардың тиімсіз пайдаланылуы болып табылады. Экономист мамандардың бағалауы бойынша, бұл экономика үшін жыл сайын 4-8 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі пайданы дұрыс қолданбауға әкеп соқтырады, ал бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 14 млрд. АҚШ долларын құрауы мүмкін. Сонымен бірге, энергия тұтынуды үнемдеу әлеуеті жылына 3-4 млрд. АҚШ долларын құрайды, ал 2030 жылға қарай бұл цифрлар жылына 6-10 млрд. АҚШ долларына дейін өсуі мүмкін. Жер шығымдылығының төмен болуының нәтижесінде орын алған экономикалық шығын жылына 1,5- 4 млрд. АҚШ долларын құрайды, ал 2030 жылға қарай одан да көбейе түсуі мүмкін, мұның өзі Солтүстік Қазақстан, Алматы, Оңтүстік Қазақстан сияқты облыстарда халықтың 30-45%-ы жұмыс істейтін аграрлық сектор үшін әлеуметтік зардаптар әкелуі мүмкін.

2. Энергия ресурстарына тариф және баға белгілеу жүйесінің жетілдірілмеуі өнеркәсіпті технологиялық жағынан жетілдіруге кедергі келтіреді.

3. Қазіргі кезеңде Қазақстан табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның жай- күйінің айтарлықтай нашарлауы себепті экологиялық мәселелермен бетпе-бет келді. Ауыл шаруашылығы жерлерінің шамамен үштен бірі тозған, ал әлеуетті егістік жерлердің 10 миллион гектардан астамы қараусыз қалған. Қоршаған ортаның ластануы адамдардың денсаулығына айтарлықтай келеңсіз әсерін тигізеді. Халықаралық зерттеулерге сәйкес қорғасынның шамадан тыс әсер етуінің нәтижесінде 10 жасқа толмаған 40 000-ға жуық бала неврологиялық ауруларға шалдыққан. Бағалауға сәйкес, ауаның ластануы жылына 6 мыңға дейінгі мезгілсіз өлімнің себебі болып табылады.

4. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы шикізат ресурстарының экспортына тәуелді және сондықтан да шикізат нарықтарындағы бағалардың сыртқы күрт құбылуының әсеріне ұшырауға бейім. Қазақстан 2030 және 2040 жылдар аралығындағы кезеңде мұнай өндіру мен экспорттаудың ең жоғары деңгейіне қол жеткізеді [2, 4-5 б].

Жоғарыда аталған өзекті мәселелерді шешу мақсатында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев 2013 жылдың 1 маусымында Қазақстан Республикасы «жасыл» экономикаға өту Тұжырымдамасы жөніндегі Жарлыққа қол қойды.

«Жасыл» экономиканың маңызды мақсаты – эко жүйелердің маңыздылығын және ұлттық және жаһандық экономикалық өмірдегі орталық орнын түсіну болып табылады. Жалпы, «жасыл» экономика 3 принципке сүйенуі керек, оның біріншісі – халыққа жоғары деңгейде, халықаралық дәрежеде қызмет көрсету, әр жұмысты уақыт талабына сай үйлестіре дамыту, екіншісі – елдің өркендеуі үшін қолға алынған «жасылға» жұртты жұмылдырып, жұмыспен қамту саясатын орнықтыру, үшінші – осының бәрін нарық механизміне бейімдеп, толық меңгеріп шығу.

Тұжырымдаманы жүзеге асыруды үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланған.

Бірінші кезең (2013-2020 жылдар) – осы кезеңде мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру болады;

Екінші кезең (2020-2030 жылдар) – қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергетика технологияларын дамытуды көтермелеп, ынталандыруға және оны кеңінен пайдалануға, сондай-ақ құрылыстарды энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында салуға бағдарланған ұлттық экономиканы жаңарту басталады;

Үшінші кезең (2030-2050 жылдар) – ұлттық экономиканың табиғи ресурстарды олардың жаңартылуы мен орнықтылығы қағидаттарында пайдалануды талап ететін «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» деп аталатын қағидаттарға көшуі [2,50 б].

Ұсынылған жоспар бойынша, біздің энергосебет 2030 жылға қарай, 11% -жел және күн көздерінен, 8% -атом, 10% - гидро, 21% - газ бен 49% - көмірден тұратын болады. Ал, 2050 жылға қарай, жел және күн көздерінің үлесі 39% дейін өседі, АЭС мен ГЭС үлесі 14%, газ станциялары 16% , және қалған 31% көмір станцияларынан құралады.

Осындай тәсіл, қайта қалпына келмейтін ресурстарды елеулі түрде үнемдеуге және қатты жанармаймен жұмыс істейтін станциялар, атмосфераға шығаратын қауіпті қоқыстар жағдайын елеулі түрде жақсартуға мүмкіндік береді [4].

«Елдің дамуының "жасыл" жолына көшуіне Астанадағы алда тұрған „ЭКСПО-2017“ қуатты серпіліс беруі тиіс. Астанада ғылым мен техниканың үздік әлемдік жетістіктері ұсынылатын болады. Көптеген қазақстандықтар біз қол созып отырған „болашақтың энергиясын“ өз көзімен көре алады». - деді Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында. Жолдаудан белгілі болғандай, ЕХРО – 2017 көрмесі «жасыл» экономиканы жүзеге асырудың алғашқы баспалдағы болып табылады. Себебі, ЕХРО – 2017 көрмесінің тақырыбы – «Болашақтың энергиясы». Қазақстанның бұл тақырыпты ұсыну себебі, ол ең алдымен, баламалы энергия көздерін дамытуды қоса алғанда, энергетикадағы сапалы өзгерістер жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге бағытталғандығы болып табылады. Екіншіден, орнықты энергиямен жабдықтау осы күнде жаһандық көлемдегі негізгі мәселе болып саналады және оны шешу экономикалық өсімді қамтамасыз ету және қоршаған ортаға келер зиянды төмендетуге септігін тигізеді. Үшіншіден, Қазақстанның бұл тақырыпты таңдауының басты негізі — еліміздің дәстүрлі энергиялық ресурстардың елеулі қорына ие бола отырып, баламалы энергия көздерін пайдалану жөніндегі шараларды дәйекті түрде қабылдауда және «жасыл» экономика құру бағытын ұстанғандығы[5].

ЕХРО-2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтеді. Кешен құрамында 4 мың пәтер, жаңа мейманхана, Конгресс-холл және университеттен орталыққа дейін ұласатын жабық қала салынады. Көрме аймағында ұлттық павильон, тақырыптық және корпоративтік павильондар, ойын-сауық және қызмет көрсету нысандары орналасады. Көрме кешенінің жалпы ауданы – 174 гектар. Халықаралық көрмеде әрбір мемлекет өздерінің павильондарын 25 га жер көлеміне салатын болады. Нысандарды пайдалану үшін энергия үнемдеу технологиялары қолданылатын болады. Көрме кешенінің ғимараттары халықаралық BREEM эко-стандарттары арқылы бағаланып, арнайы куәліктер беріледі. Көрме өткеннен кейін ЕХРО-2017 базасында ерекше мәртебеге ие «Астана» қаржы орталығы құрылатын болады. Бұл көрмеге 5 млн.-нан астам адам келеді деп жоспарлануда. Әрбір келген адам 130 \$ ақша әкелетінін ескерсек, бізге түсетін пайда 520–910 млн.-ға дейін жоспарлануда.

Статистикалық мәліметтер бойынша, 2050 жылға қарай «жасыл» экономика нәтижесінде ЖІӨ 3 пайызға қосымша ұлғайып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кесте 1 - «Жасыл» экономикаға SWOT талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
1. Қазақстанның халықаралық ынтымақтастық, шетелдік әріптестерімен келіссөздер жүргізу тәжірибесінің болуы. 2. Қоғамның халықаралық деңгейдегі ірі іс-шараны дайындау бойынша барлық негізгі міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін қалыптасқан ұйымдық құрылымының және жинақталған мамандар штатының болуы. 3. «Жасыл» экономиканы жүзеге асыру барысында қоғамда ғылыми және технологиялық әріптестерді, әлеуетті инвесторлар мен жаңа технологияларды сатып алушыларды тарту бойынша қажетті тетіктер мен рычагтар қалыптастырылады.	1. Басқарушы шешімдердің қабылдануын қолдауды және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін кешенді ақпараттық жүйенің болмауы. 2. Қазақстан Республикасының ірі бизнесінің, оның ішінде ұлттық компаниялардың инновациялық өнімдерді алуға экономикалық мүдделілігінің болмауы
Мүмкіндіктері	Сын - қатерлер

1. Энергияның барлық баламалы түрлерін барынша тиімді пайдалану үшін ҚР географиялық орналасуы мен климаттық жағдайының артықшылығы. 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының технопарктер қызметінің тиімділігін арттыру және инновацияларды дамыту саласында жандануы. 3. Инфрақұрылымды айтарлықтай жаңарту және дамыту жүргізіледі: ғимараттардың 55 пайызы мен электр станцияларының 40 пайызы, автокөлік паркінің 80 пайыздан астамы 2030 жылға қарай жаңа болады. 4. «Жасыл» технологиялардың бәсекеге қабілеттілігі жылдам өсуде және баламалы энергетиканың көптеген технологиялары болашақта дәстүрлі көздермен салыстырғанда электр энергиясының неғұрлым шығынсыз тәсілдерін ұсынады.	1. Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы, шикізат бағасының құбылмалылығы, қарыз капиталы құнының өсуі, дамушы елдерден инвестициялардың сыртқа кетуі, экономикалық белсенділіктің төмендеуі инновациялардың тәуекелділігін арттырады. 2. Қазақстан Республикасында технопарктерді және инновациялық бағыттағы орталықтарды құру және олардың жұмыс істеуінің оң тәжірибесінің болмауы, осы ұйымдардың нәтижелерін коммерцияландырудың болмауы мен шығындылығы. 3. Біліктілігі жоғары мамандандырылған кадрлар үшін бәсекелестіктің өсуі.
Ескерту: 1- кесте автормен құрастырылған.	

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды: ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, энергетика, балық аулау, орман шаруашылығы өнеркәсіп, туризм, көлік, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, су қорларын басқару. Халықаралық сараптама бойынша, жасыл жобаларға салынған инвестицияның 2/3-і өзін-өзі, ақтаса, 1/3-і бес жыл көлемінде шығынсыз-деңгейге қол жеткізеді. Энергия тиімділігінің артуына қарай инвестицияның тиімділігі 50 пайызды құрайды, оның өзін-өзі, ақтау мерзімі екі жылға созылады. «Жасыл» экономикаға салынған инвестиция активтердің жылдам өсіп келе жатқан санатына кіреді. Жаңа экономиканың стратегиясы табиғи технологиялардың дамуына инвестицияларды тартып, ел экономикасын жаңа белеске жеткізеді.

Тұтастай алғанда, «жасыл» экономикаға көшу үшін қажетті инвестициялар көлемі жыл сайын ЖІӨ-нің шамамен 1%-ын құрайды, бұл жылына 3-4 миллиард АҚШ долларына тең [2, 4 б].

Қорытынды сөзімді Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Біз экологияға баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын», - деген сөздерімен бастағым келеді. Яғни, «жасыл» экономика ұлттық экономиканың баюымен қатар, ЖҰӨ өсу қарқынын жылдамдатуға, кедейшілікті жою мен экологиялық ресурстарды сақтау арасындағы байланысты орнатады. «Жасыл Нано» технологияны пайдалану арқылы, табиғи ресурстарды пайдалану қысқарады, соның нәтижесінде Қазақстанның экологиялық мәселелері өз шешімін табады. Сондай-ақ, қорытынды көрсеткіш свот талдаудан Қазақстанның «жасыл» экономиканы жүзеге асыруда мықты жақтары мен мүмкіндіктерінің көп екендігін байқауымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан - 2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы

2. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаматуралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы
3. <http://group-global.org/kk/>
4. <http://egov.kz/wps/>
5. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2151>

УДК 339.924

ОСОБЕННОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ УЧАСТИЯ КАЗАХСТАНА В ЕАЭС (ЕврАзЭС)

Кульбаев Канат Алдабергенович

Kana.83@mail.ru

магистрант Казахского университета экономики,
финансов и международной торговли, Астана, Казахстан
Научный руководитель – к.э.н., доцент Жанакова Н.Н.

Последние несколько лет на пространстве СНГ наблюдается резкий рост интеграционных процессов. Особенно успешно развивается экономическая интеграция, одним из моторов которой стало Евразийское экономическое сообщество (ныне Союз), договор об учреждении которого был подписан 10 октября 2000 года. Еще очень многое предстояло сделать на пути эффективной евразийской интеграции. Фактически Евразийский экономический союз стал правопреемником Таможенного союза. Это четко структурированная система с жестким механизмом принятия и реализации решений. Основными направлениями деятельности интеграционного процесса были транспорт, энергетика, трудовая миграция и развитие агропромышленного комплекса. Эффективная работа по этим направлениям означает решение многих социально-экономических проблем – как доставшихся в наследство от Советского Союза, так и порожденных вызовами сегодняшнего дня. Это решение проблемы единых тарифов, увеличение грузопотока, упрощение таможенных процедур, создание транснациональных транспортно-экспедиционных корпораций.

Внешнеторговый оборот стран ЕАЭС в течение последних лет характеризуется уверенным ростом. Только по сравнению с 2005 годом совокупный торговый оборот между государствами-членами в стоимостном выражении увеличился в 2 раза. Это во многом объясняется сложившимися еще в советские времена пропорциями и структурой хозяйственного взаимодействия, достаточно высокими темпами экономического роста в регионе, развитием отраслей, производящих сырьевую продукцию и полуфабрикаты, формирующие т.н. массовые (сырьевые) грузы, ростом взаимной торговли и торговли с соседними странами.

Параллельно увеличивающемуся торговому обороту государств-членов ЕАЭС стремительными темпами возрастают и объемы грузоперевозок между странами Сообщества. По оценкам экспертов Интеграционного комитета ЕАЭС, объем грузоперевозок к 2020 году возрастет до 490 млн тонн, что почти в 4 раза больше показателей 2000 года. Несмотря на некоторое прогнозируемое замедление роста грузопотоков между государствами-членами ЕАЭС, среднегодовой рост, согласно прогнозу, составит более 15% (см. рисунок 1).